

И. М. Исаков, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көптеген тарихшылардың пікірі бойынша «террор» латын тілінде «үрку, қорқыныш» деген түсінікті білдіреді. Француз революциясы кезінде пайда болды дейді. Қазіргі кезде дүние жүзінің көптеген жерінде террорлық ұйымдар белең алып тұр. Көпшілігінде радикалды-террорлық ұйымдар тәуелсіздік, бостандық, саяси құқық үшін күресуші саяси бірлестіктер ретінде қалыптасты. Алайда, бірқатар елдерде оппозицияның жеңісі және топтарға бостандық режимі мен көмектің берілуі олардың террорлық әрекетін мемлекетке қарсылық деңгейіне жеткізді. Сондықтан да бірқатар мемлекеттердің қызметтерінің негізгі бағытының бірі — террорлық әрекеттерге қарсы күресу болып табыладыⁱ.

Терроризм біздің ортақ үйімізге, мас көршідей есігімізді қақпай күштеп кіріп, тыныштығымызды бұзды. Осы жағдайға өзіміз кінәліміз. Көршіміздің қандай екенін біле тұра, есігімізді кілттеп алу керек еді.

Бізде ешқандай ұлтаралық және діни жағдайларға байланысты қақтығыстар болмайды деп өзімізді көп уақыт бойы сендірдік. Нәтижесінде, Ақтөбе облысындағы әскери операциялар, Атыраудағы жарылыстар мен Тараздағы зұлмат. Осы және басқа да болып жатқан жағдайларға байланысты терроризм соғыстың жаңа бір түрі екенін айтуға тура келеді.

Терроризм — соғыстың өте белсенді түрі. Мемлекеттерге, ұлттарға деген қарсы минималды әскери шығын. Терроризм саяси сұрақтарды шешетін қылмыстық құрал болып табылады. Қазіргі жағдайда терроризм, саяси немесе әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, әскери және басқа да ұлттық немесе трансұлттық процестердің аясынан алшақ емесⁱⁱ.

Терроризмге жан-жақты қарайтын болсақ, терроризм — соғыстың жаңа түрі деуге әбден болады. Қазіргі таңдағы терроризмнің басты принциптері бар.

Біріншіден, терроризм соғыс сияқты белгілі бір экономикалық қызығушылық үшін күрес; ресурстар, өтім нарығы; меншікті қолдану құқығы; белгілі бір аймақты қолдану; спецификалық амалдарды шешуге арналған кеңістік (есірткі заттарының көлемінің өсуі).

Екіншіден, теңестіре алмау және әлеуметтік теңсіздік, ұлттық қызығушылық немесе діни сенім мәселелерін шеше алмау. Терроризм саясаттың әлсіз жерінде байқалады.

Үшіншіден, әлеуметтік терроризм құбылыс ретінде көп жоспарлы. Оған экстремистік, террористік идеология, террористік көрініс формасындағы саяси күшті іске асыратын сәйкес мекемелер сонымен қатар террористік іс-әрекет практикасы сияқты негізгі элементтер кіреді.

Төртіншіден, терроризм соғыс сияқты жарылыс жасау, өртеу не басқа да әрекеттер, адамдарға қауіп-қатер жасайтын, мүлікке зиян келтіру немесе басқа да қоғамдық қатерлердің болуы арқылы жүзеге асадыⁱⁱⁱ.

Осылайша терроризм дүниежүзінің әртүрлі елдерінде дауды, таласты шешудің қорқыту құралына айналған. Терроризмнің ең қорқыныштысы көптеген адамдар, топтар және ұйымдар үшін мәселені шешудің, жалғыз тәсіліне айналып бара жатқандығы. Осы негізде мемлекеттер халықаралық терроризмге қарсы күресте бірігуде. Екінші дүниежүзілік соғыстың трагедиясы аяқталғанға небәрі жетпіс жылдан астам уақыт өтті. Енді дүниежүзі терроризм проблемасымен жүздесті. Қазіргі кезде ақпарат құралдары және көптеген саясаткерлер терроризмді «XXI ғасыр апаты» деп атап жүр. Терроризм әлемдік деңгейдегі ұйымдасқан күшке айналып отыр^{iv}.

XX–XXI ғасыр тоғысында терроризм дүниежүзілік тарихтың белгілі бір құбылысына айналды. Жоғарыда көрсеткеніміздей, терроризм мен эстремизм ертеде-ақ пайда болған. Пайда болған күннен бастап-ақ әуел бастан бөлінген. Бірақ, адамзат баласы

өмірінің барлық жағына тигізетін ықпалы мен қатыгездігі бұрын-соңды дәл қазіргідей деңгейдей болған емес.

Қазіргі кездегі терроризммен күресте шетелдердің тәжірибесіне келер болсақ, Израиль мемлекет болғалы бері терроризммен күресуде. Мұнда жағдай өте күрделі. Бір кезде Ұлыбританиямен соғыса отырып, Израильдықтар террорлық актіні көп қолданған. Енді, Израиль Палестинамен қақтығыс кезінде жасалған терроризмге бірін-бірі айыптайды. Израиль жағынан террормен күрес құралдары: террористерге күтпеген жерден соққы беру тәсілі; жасалған терактіге кек қайтару; Израильдің террористермен ешқандай келісімге келмеуі; келіссөз жүргізбеуі; кепілге ұстауы жатады.

Ұлыбританияның Солтүстік Ирландиядағы тәуелсіздікке ұмтылған, Ирландиялық Республикандық армия терроризмге қарсы күресте көп тәжірибесі бар. Лондон пайдаланатын саяси тәсілдер Ирландияның топтарын ыдыратуды және Солтүстік Ирландияда тәуелсіздікті жақтайтындарды ашық саяси процеске тартуды көздейді. Бұл жерде Лондон мен Мадрид бір-біріне өте Ұқсас тәсілдерді пайдаланады. Олардың айырмашылығы террористермен күресетін күштің түрлеріне ғана байланысты. Лондон көптеген терроризммен күресетін арнайы бөлімшелер ашты: халықаралық терроризммен күресетін бөлім, Скотланд-Ярдтың антитеррористік бөлімі, МИ-5 және басқалар. Лондон терроризммен күреске жылына 200 млн. фунт стерлинг жұмсайды⁵.

Италия мен Германияның терроризммен күресте үлкен тәжірибесі бар. Мұнда ХХ ғасырдың 70-жылдарында солшыл күштердің экстремистік топтарының әрекеттері жанданған еді. Осы мемлекеттердің территориясында «Красная бригада» және басқа террористік топтар әрекет етті.

Таяу Шығыста терроризм Израильдан басқа Египет пен Алжирде басым. Соңғы онжылдықта Египетте 1992 жылдан кейін исламдық экстремизмнің шарықтау шегі туды. Сондықтан мемлекет ішкі терроризммен аяусыз күрес жүргізіп келеді. Қазіргі кезде Египет түрмелерінде терроризм үшін сотталған 12 мың адам отыр. Елде терактілерді дайындап, жүзеге асырғандарды жазалайтын заңдар қаталданған. Елде 1982 жылы А. Садат өлтірілген соң, осы күнге дейін әсер ететін төтенше жағдай енгізілген. Құпия қызмет агенттері көптеген экстремистік ұйымдарға білдіртпей еніп кеткен.

Египеттегі терроризммен күрес тәсілдері негізінен күштеу, зорлау болып табылады. Египеттің өзіндегі террористерді дайындайтын лагерьлер дүниежүзілік ақпарат құралдарының мәліметі бойынша күш көрсету құрылымынан тұрады. Көрші елдер, әсіресе Судан, Таяу Шығыс пен Египетке террористер дайындайды. Террористердің қолынан соңғы кезде он мыңнан астам адам қаза тапқан. Египеттегі экстремистердің мақсаты — Египеттегі зайырлы басқару режимін құлату және оның орнына теократия-ислам республикасын орнатуды көздейді.

Алжир экстремизммен және терроризммен белсенді күреседі. Осы елде террористер армиялық сипат алады. Сондықтан үкімет әскері көп жағдайда террористермен ұрыс жүргізеді. Үкіметі 1992 жылы арнайы декрет қабылдады. Онда қаруланған исламистер заңнан тыс, мемлекет оларды заң түрінде қолдамайды деп көрсеткен. Алжирдегі террористер әрекетінің кеңейгені сонша, соңғы он жылда 30 мың адам құрбан болды⁶.

Терроризммен және экстремизммен күрестің формалары мен тәсілдері туралы көптеген мысалдар келтіруге болады. Дегенмен соның ішінде мынандай қорытындылар жасаймыз:

- біріншіден, терроризммен күресте тек күштеу методтарын қолданып қоюға болмайды. Оны басып тастаған соң, терроризм қайтадан жанданады;
- екіншіден, тәжірибе көрсеткендей, таза саяси методтарда жеткіліксіз. Террористік ұйымдармен үкіметтің жүргізген бейбіт келісімдері үкіметті әлсіз етіп көрсетеді де, террорды күшейтеді;
- үшіншіден, қазіргі терроризм интернационалдық. Ол бір елдің шеңберінде тұйықталмайды. Сондықтан онымен күрес халықаралық сипатта болуы керек. Осы себептен халықаралық терроризммен күрестің комплексті сипаты құптарлық болып табылады.

Дүниежүзілік қауымдастық терроризммен күресті тиімді және жүйелі жүргізеді. «Қырғи қабақ соғыс» жылдарында қарама-қарсы екі жақ экстремистік және террористік топтарды қаржыландырды, қаруландырды. Ол қарсы тұрудың құрамды бір бөлігі болып табылды. Ол кезде саясаткерлер экстремизм мен терроризмді «солшыл», «оңшыл» деп

табына қарай бөлді. Қазіргі кезде осының нәтижесінің салдарын екі жақта сезуде. АҚШ-та, Ресей де терроризмнің жою күшіне тап келді. Сондықтан осы елдер бірігіп қазіргі терроризммен күресуі қажет. 11 қыркүйек 2001 жылы АҚШ-та жасалған терактіден кейін терроризммен күресте күш арасалмағы өзгерді. Дүниежүзілік қауымдастық антитеррористік коалиция құра алды. Оған ислам мемлекеттері де кірді. Қазіргі кезде дүние жүзінің барлық мемлекеттері терроризммен күресті негізгі проблема деп санап, онымен күресуде. Осы жоғарыда айтылған дамыған шет мемлекеттердің тәжірибесінен сабақ, үлгі алып, мемлекетіміздің тыныштығын орнатуымыз керек.

Менің ойымша, дамыған мемлекеттердің қатарына қосылудың алғашқы қадамдары — халықтың қауіпсіздігі және тұрақтылығынан басталады. Әлемнің кез-келген түкпірінде Қазақстан деген мемлекетті естігенде, ойларына біріншіден, қауіпсіздік, тұрақтылық және мәдениеттілік деген ой туындауы керек.

ⁱ ru.wikipedia.org/wiki/

ⁱⁱ Шалабаев Ж. А. Терроризм как феномен международной политики // Проблемы совершенствования борьбы с преступностью, наркобизнесом, терроризмом и религиозным экстремизмом: Сб. науч. тр. — Караганда, 2001. — С. 24–30.

ⁱⁱⁱ Кожушко Е. П. Современный терроризм: анализ основных направлений. — Минск, 2000.

^{iv} Тихонравов Ю. В. Судебное религиоведение. — М., 1998.

^v Колосов Н. В. Международное право. — М., 1998.

^{vi} Юрченко В. О роли исламского фактора в современном мире // Зарубежное военное обозрение. — 2000. — № 9. — С. 2–7.